

Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 42/343 "Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 46/382 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабының 2 тармағына және 43-1 бабына сәйкес, Жаңаөзен қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңаөзен қалалық мәслихатының 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 42/343 "Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 22 қазанында № 2847 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 қарашадағы № 45 "Жаңаөзен" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппарат басшысы (А.Ермұханов) осы шешім туралы Маңғыстау облысының әділет департаментіне және бұқаралық ақпарат құралдары мен "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жаңаөзен қалалық мәслихатының аппарат басшысына (А.Ермұханов) жүктелсін.

4. Осы шешім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,	
қалалық мәслихат хатшысы	С. Мыңбай